



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 88 (8474) Сәрсенбі 7 қыркүйек 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

АУДАНДЫҚ ӘКІМДІКТЕ


КҮН ТӘРТІБІНДЕ: ҰРЛЫҚҚА-ТОСҚАУЫП

Б.ЖАҚСЫМБЕТОВ,
"Ауыл жаңалығы".

ӨТКЕН ЖҰМА КҮНІ АУДАН ӘКІМІ МҰРАТХАН ШҮКЕЕВТИҢ ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУІМЕН АУДАН ӘКІМДІГІ ЖАНЫНДАҒЫ БӨТЕН МҮЛІКТІ ҰРЛАУҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТКІЗІЛІП, ОНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ "БӨТЕН МҮЛІКТІ ҰРЛАУҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ 2015-2017 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ" ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫ ҚАРАЛДЫ.

Отырыста күн тәртібіндегі мәселеге байланысты аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Ербол Егембердиев баяндама жасады. Жауапты тұлғаның мәлімдеуінше, үстіміздегі жылдың жеті айы кезінде аудан аумағында қылмыс саны 8,1 пайызға, оның ішінде, бөтеннің мүлкін ұрлау оқиғаларының саны 29,6 пайызға жуық төмендепті. Солай десек те, осы аралықта өндірісте 47 қылмыстық іс қаралып, бөтеннің мүлкін ұрлау жағдайларының мөлшері 27,8 пайызды құраған. Осы бағыттағы жұмыстардың тиімділігін арттыру мақсатында қауіпсіз аулалар құру шаралары, яғни, жарықтандыру, қоршау орнату, рұқсатнама талаптарын енгізу әрекеттері жүзеге асырылып, бейнебақылау камералары орнатылуда. Мал ұрлығының алдын алу жұмыстарын барынша пәрменді ету үшін полицияның учаскелік инспекторлары тарапынан шағын және орта бизнес өкілдері және тұрғындар арасында ескертутүсіндіру жұмыстары жүргізілуде екен.

Отырыс барысында күн тәртібіндегі мәселеге орай, аудан әкімдігі



ветеринария бөлімінің басшысы Лесбек Тойбеков баяндама жасады. Өз баяндамасында Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен ауыл шаруашылығы министрлігі арасында жасалған меморандумға сәйкес, аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстар, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру барысы, төрт түлікті тасымалдауға берілген

полиция қызметі бөліністері қызметкерлерінің басты бағыты - құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуда профилактикалық іс-шаралар атқару болып табылады" - деп, бастаған аудандық ішкі істер бөлімінің жергілікті полиция қызметінің бастығы, полиция капитаны Арман Дауренбеков бүгінгі таңда аймақтағы ең өзекті мәселе мал ұрлығы екенін алға тартты.



анықтамалар, мал егелерінің тасымалданатын жануарларға берілетін ілеспе құжаттарға салғырттық таныту салдарынан орын алған заң бұзушылық оқиғалары жөнінде айтып берді. Сондай-ақ мал ұрлығымен күресу және жануарлардың аса қауіпті ауруларының алдын алу шараларын орындау барысында ішкі істер органдары мен ветеринария саласы мамандарының бірлесе жұмыс атқаруы қажеттігіне тоқталды.

Өз баяндамасын: "Жергілікті

Аудан аумағында орналасқан алыс-жақын мал жайылымдарында және құм өңіріндегі шаруа қожалық иелерінің жайылымдағы малдарды қараусыз қалдыруы, малы жоғалған тұрғындардың полиция көмегіне дер кезінде жүгінбеуі, жоғалтқан малдарын өз күштерімен іздеп, уақыт жоғалтуы салдарынан орын алатын мал ұрлығының алдын алуда аудан тұрғындарына қора-жайларын ретке келтіріп, жеке меншіктегі бар малдарды түгелдей құжаттау шараларын

қолға алып, оларды бақылауда ұстап, мал басын ақыға немесе кезектесіп бағуға үлкен мән беру керектігін түсіндіру бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстарға отырыс қатысушыларының назарын аударды. Сонымен қатар, Арман Бейсенбайұлы аудан аумағында жедел жағдайды сауықтыру, әрбір әкімшілік учаске шеңберінде барлық қызмет желісінде қылмысты ескерту мен оның жолын кесу, экстремизм және терроризмге қарсы жұмыстар атқару барысында ағымдағы жылдың 1-інші қыркүйегі мен 1-інші желтоқсаны аралығында "Учаске" жедел-профилактикалық іс-шарасы басталғанын жеткізді. Сондай-ақ кеңеске қатысушыларды аталмыш шараға белсене атсалысуға шақырды.

Баяндамалар аяқталған соң сөз алған аудан прокуроры Телеу Бағлан Қазақстан Республикасы



Ауыл тынысы

САРЫКЕМЕР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Ядролық қауіпсіздік жөніндегі IV саммитте жарияланған "Әлем. XXI ғасыр" манифесін ілгерілету және Семей ядролық полигонының жабылуына 25 жыл толуына байланысты ауданның білім ошақтарында, соның ішінде, Ф. Мұратбаев мектеп-гимназиясы, Сарыкемер, Қазақстанның 40 жылдығы, Н. Кикбаев және Гагарин атындағы орта мектептерде "Жырланып жатқан жылдарым" және "Ядросыз әлем", "Ядролық қару ұрпаққа қауіпті" тақырыптарында тарихи-танымдық көштермен қатар ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

БУРЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Жаңа оқу жылының алдында ауданның барлық білім ошақтарында "Білімді ел-Мәңгі ел" тақырыбында педагог қызметкерлерінің кеңесі өтті.

Осындай шара Бурыл атындағы орта мектепте де өтіп, онда ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап 12 жылдық білім беру жүйесіне көшірілгені, 1 сынып оқушылары жаңартылған білім бағдарламасымен оқыту, үш тілде оқытуға кезең-кезеңмен көшу, білім берудің 2013-2019 жылдарға арналған бағдарламасының маңызы мен жаңалықтары, жалпы ұстаздар қауымына жүктеліп отырған міндеттер ортаға салынып, талқыланды.

Мектептегі педагогикалық кеңеске аудан әкімдігі білім бөлімінің әдіскері И. Спаналиева қатысып, білім саласындағы жаңалықтарды түсіндіріп, ұстаздар қауымына артылып отырған негізгі міндеттерге тоқтала келе, сауалдарға жауап берді.

БӘЙТЕРЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Қолы кең, жаны жомарт азаматтар қатары күн санап өсіп келеді. Жақында, Бәйтерек ауылдық округі "Жастар ресурстық орталығының" нұсқаушысы А.Айтенованың ұйытқы болуымен өткен "Мектепке жол" акциясы аясында осы округке қарасты Н.Кикбаев, Сарыкемер, А.Пушкин, Қосақ мектептерінде оқитын оқушыларға тарту жасалды.

"Жан", "Сұлтан", "Айнаш-Құрылыс", "Іңкөрай", "Сарманбек", "Бақдәулет" дүкен басшыларының қолдауымен өткен қайырымдылық шарасында тұрмысы төмен отбасының балаларына сөмке, мектеп құралдары және спорттық киімдерді округ әкімі М.Құлыбаев табыстады.

ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ

Бүгінгі таңда ауданымыз бойынша ӘРБЫР АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРДЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ КЕҢЕСТЕРІ ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ. Аталмыш келісім кеңестері жыл бойына бекітілген жоспарға сәйкес, тұрақтылықты, бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік-экономикалық, мәдени, экологиялық және басқа да салаларды қамтитын іс-шараларды ұйымдастырып, өткізумен айналысуда. Сонымен бірге, қоғамдық келісім кеңестерінің мүшелері жылдық жоспарға сай, тұрғындар арасындағы жұмыссыздықты азайту, отбасылардың әлеуетін арттыру, оқушылардың жүйелі білім алуына жағдай жасау, бос уақытын тиімді ұйымдастыру, жастар тәрбиесін дамытуға қатысты мәселелерді талқылауда.

Жуырда, қоғамдық келісім кеңесінің комиссия мүшелері, ауылдық округ әкімі аппаратының жанынан құрылған қоғамдық келісім кеңесінің төрағалары, қоғамдық бірлестіктер, этно-мәдени орталықтардың жетекшілері, аудандық ардагерлер кеңесі мен Ауған соғысы ардагерлері кеңесінің мүшелері, жастар орталықтарының нұсқаушылары және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің

қатысуымен аудан әкімдігі жанындағы қоғамдық келісім кеңесінің отырысы болып өтті. Ж.Құмғанбаевтың төрағалығымен өткен кеңес "Ұлтаралық қатынас пен қоғамдық келісімді нығайту басты міндет" тақырыбына арқау болды.



Аталмыш кеңес отырысының күн тәртібіне "Аудандағы үкіметтік емес ұйымдардың қоғамдық келісімді нығайтудағы атқарған іс-шаралары" және "Қоғамдық бірлестіктердің әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруының жайы туралы" мәселелер шығарылды.

Күн тәртібіне қойылған мәселелерге байланысты түрік этно-мәдени орталығының жетекшісі Мехия Раджамов,

орыс этно-мәдени орталығының жетекшісі Любовь Горр, "Айтқұл-Ардагер" қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Айтқұл Мамытқұлұлы, "Ерекше тәуекелді солдаттар" қоғамдық бірлестігінің мүшесі Н.Нуртаев, аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы Мырзахан

Махамбетовтер баяндама жасады. Әрбір баяндамашы өз саласына қатысты ұлтаралық қатынас пен қоғамдық келісімді нығайту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар төңірегінде сөз қозғады.

Кеңес жұмысында ұлтаралық келісімді жақсарту мақсатында жастармен тәрбие жұмыстарын жүргізуді одан әрі жандандыру, толеранттылықты насихаттау, шығармашылық ұжымдарды біріккен мерекелік шараларға шақыру арқылы олардың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына ізеттілік таныту, қоғамдық келісім мен ұлттық бірліктің нығаюы жолында азаматтық қоғамдық институттар мен саяси және үкіметтік емес ұйымдардың, өзге де бірлестіктердің біріге жұмыс атқаруына баса маңыз берілді.

Қоғамдық кеңес отырысына қатысушылар өзара қызу пікір алмасып, соңынан бірауыздан шешім қабылдап тарады.

Өз тілшіміз.

Тәуелсіз елдің ұрпағы бақытты

Қ. КЕНЖЕҒАРАЕВА,
ардагер-ұстаз.
Дихан ауылы.

Қазақтың ұзына бойғы тарихында дәл бүгінгідей бүкіл дүние таныған, өз шекарасы, өз экономикасы, дербес саясаты бар мемлекеті болған емес. Тәуелсіздіктің арқасында іргелі ел болып, кемеңгер басшымыз Н. Назарбаевтың саликалықпен жүргізіп отырған саясатының арқасында ел мәртебесі асқақтап отыр.

Қазақ КСР-інің Жоғарғы Кеңесі 1991 жылдың 16 қазанында қабылдаған қаулының және арнаулы заңның негізінде 1 желтоқсан күні бүкілхалық сайлау өткізіліп, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті ретінде қарымды қайраткер Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа ел қалауы - тарих таңдауы түсті. Мемлекет басшысы ант беріп, ел билігі тізгінін қолға алған күн, яғни 1991 жылдың 10 желтоқсанында Жоғарғы Кеңес сессиясында республиканың ресми атауы “Қазақстан Республикасы” деп өзгертілді. Бір аптадан соң республика Жоғарғы Кеңесінің жетінші сессиясы “Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы” Заң қабылдады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында экономикалық және әлеуметтік құлдырауды тоқтату, қылмысты ауыздықтау, ең бастысы халыққа мемлекет пен ұлттық абыройға деген шынайы сезімді ұялату тәрізді үлкен жұмыстар жүргізілді. Қиындықтарды қара нарша көтере білген халқымыз дәуірлерде ұрпағына тәлімді тәрбиемен қатар біліммен қаруландыруға ұмтылды. Еліміз тәуелсіздік алысымен ұстаз алдында елдік мүддені жоғары қоятын, өзіне деген сенімі мықты, санасы азау, ойы еркін, ғаламдық бәсекеге қабілетті білімді ұрпақ қалыптастыру міндеті тұрды.

Бұрынғының даналары: «Бір жылыңды ойласаң күріш ек, жүз жылдық өміріңді ойласаң ағаш отырғыз, мәңгі жасаймын десең Адам тәрбиеле» деген екен. Ұлық мамандықтың иелері-



мұғалім күрделі ғылымды-Адам болуды үйретеді. Ұлағатты ұстаз тәрбиелеген ұрпақ қана жетістіктерге қол жеткізетін, тың жаңалықтар ашып, біздің еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосатындығын көрсетті.

Мектеп пен ұстаз-білімнің жалғыз қайнар көзі, тәрбие-тәлімнің дара орталығы. Білім-тәуелсіз мемлекет ретінде дамуымыздың, Елбасы межелеген алғашқы 30 мемлекеттің қатарына қосылудың басты алғышарты. “Қарымды ұстазы мен тағылымды ұланы тең елдің бағы да баянды болады” демекші, жас ұрпаққа білім берудің іргетасы осы ауыл мектебінде қаланатындығын уақыттың өзі дәлелдеген болатын.

Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев білім беру саласына айрықша көңіл бөліп келеді. «100 мектеп, 100 аурухана», «Балапан», “Нұрлы жол” бағдарламалары аясында республика көлемінде, оның ішінде біздің ауданда да қыруар жұмыстар қолға алынды. Жаңа үлгідегі мектептер салынып, жаңадан балабақшалар, дәрігерлік амбулаториялар, мәдениет үйлері ашылды.

Ұстаз-мектептің жүрегі, халықтың айнасы. Ұлт болашағы-ұрпағында болса, ұрпақтың білімді де, тәрбиелі, саналы болып өсуі - ұстаз қолында. Елімізде білім беру саласының материалдық-техникалық, әдістемелік базасын жаңғырту, білікті педагогикалық кадрларды көбейту және оларға қолдау көрсету, ұстаз мәртебесін көтеру және оның ерен еңбегін лайықты түрде бағалау орайында ауқымды әрі жүйелі шаралар іске асырылуда.

Келешекте егемен елімізді әлемге танытатын жастар. Жас ұрпақ ел болашағының алтын кілті-білімде екенін түсінді. Өйткені Елбасымыздың: “Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең

алдымен білім мен ғылымда болатынын түсінетін уақытқа келдік.

Енді білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жарата білуіміз керек. Инемен құдық қазғандай, қиын да күрделі, орасан қажыр-қайрат пен ерік-жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл” деген сөзінің астарында үлкен мән жатыр.

Тәуелсіздікті баянды ету, бейбіт күннің қадірін білу, қиындықтарға төзімділік таныту, қазіргідей экономика тұрақсызданып, әлемдік қаржы дағдарысы белең алған тұста өмір сүрудің өзін-өзі қорғауға бағытталған тірліктерге жауапкершілікпен қарап, жаңаша жұмыс жасау арқылы өрендер бойына патриоттық сезімді сіңіру, тәуелсіздік жылдары қол жеткізілген жетістіктерді бағалау, ел бірлігі мен қоғамдық келісімді қастерлеу секілді құндылықтарды егудің маңызы зор деп білеміз.

Біздер Кеңестік дәуірде білім алып, зейнетке шыққанша жас ұрпақты тәрбиелеуге жұмсадық. Оқу-ағарту саласында жемісті еңбек етіп, бірнеше жыл Ленин атындағы мектепте директорлық қызметті атқардым. Осы білім ошағынан дәріс алған шәкірттеріміздің дені туған өлкесінің, егемен еліміздің данқын шығарғандар қатарында ғалымдар, дәрігерлер, ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері, ішкі істер органдарының қызметкерлері, қарапайым еңбек адамдары да бар.

“Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан” демекші, өткен ғасырдың перзенттері саналғанымызбен, ХХІ ғасырда Қазақстан Республикасының мәртебесі Елбасымыздың ерен еңбегінің арқасында артып келеді. Бүгінде қазақ елі әлемге танылды, өзіндік даму жолы айқындалған, жаһандық дағдарысты еңсеріп отырған тәуелсіз ел халқымыз алдында - тәуелсіздіктің 25 жылдығы мерекесін лайықты қарсы алу міндеті тұр. Олай болса, жасампаздық пен бірліктің жылы-тарихи жылға айналдырып, табыстың, тұтастықтың кілті бірлікте екендігін көрсету баршамыздың парызымыз деп білеміз.



АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР АЙҚЫНДАЛДЫ

Б. ҚАЛЫБАЕВ,
аудан прокуратурасының
аға прокуроры, 1-ші сыныпты
заңгер.



ӨТКЕН АПТАНЫҢ ЖҰМАСЫНДА АУДАН ПРОКУРОРЫНЫҢ ҰЙЫТҚЫ БОЛУЫМЕН САРЫКЕМЕР ОРТА МЕКТЕБІНДЕ ӨТКЕН ЖИЫН ЖАСӨСПІРМДЕР АРАСЫНДА ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ БАҒЫТЫНДА ҚҰРЫЛҒАН МОБИЛЬДІК ТОПТЫҢ ЖҰМАСЫНА АРНАЛДЫ.

Жиында аудан аумағында жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылық пен қылмысты болдырмау, суицидтік жағдайлардың алдын алу шараларын жүргізу, олардың

атқаратын жұмыс жоспары да назардан тыс қалмады.

Жиында аудандық ішкі істер бөлімінің жергілікті полиция қызметінің бастығы, полиция капитаны А.Дәуренбеков сөз алып, аудан аумағында жасөспірімдер тарапынан жасалынған қылмыстардың алдын алу бағытында мобильдік топтың жұмысын күшейту қажеттігін айтып, бала



құқықтық білімдерін арттыру мақсатында құрылған 5 мобильдік топтың құрамына енген мүшелерінің алдында тұрған негізгі міндеттер түсіндірілді.

Топ құрамындағы аудандық прокуратура, білім және ішкі істер бөлімі қызметкерлерінің өткен жылы атқарған жұмыстары сарапқа салынып, жіберілген кемшіліктерге талдау жасалынды. Сонымен қатар мобильдік топ жетекшілерінің биылғы жылы

тәрбиесінде ұстаздың, ата-ананың міндеті, мектептен тыс уақытта жасөспірімдердің іс-әрекетін бақылау барысында ата-ананың жауапкершілігі төңірегінде өзінің ойын ортаға салды.

Маңызды мәселені қозғаған жиында мобильдік топ жетекшілері мен мүшелеріне сын-ескертпелер жасалып, ұйымдастырылып тұратын рейдтерге атүсті қарамай, жауапкершілікпен қарау жайы да баса айтылды.

СУДЬЯЛАРДЫҢ VII СЪЕЗІ ҚАРСАҢЫНДА

КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕ ҚАРАЛМАҚ

С. УМРАЛИЕВ,
Байзақ аудандық сотының судьясы.

Биыл Қазақстан судьяларының кезектен тыс VII съезі өткелі отыр. Бұл өткізгелі отырған съезд – сот саласын дамытудың өзекті мәселелері жайлы ой бөлісетін маңызды жиын. Бұл съезге Мемлекет басшысының қатысуы қазыларға үлкен жауапкершілік жүктеп отыр. Бұның алдында Елбасы Н.Ә.Назарбаев Судьялар одағының VI съезінде алдымызға маңызды міндеттер қойған болатын. Қазақстанның сот жүйесінде кемшіліксіз сот төрелігіне қалай қол жеткізуге болатындығы жайлы ашып көрсетті.

Жалпы, сот жүйесінің негізгі мақсаты – азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау және Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз ету.

Сот жүйесі – әркімнің құқықтары мен бостандықтарына, заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін немесе кез келген заңсыз шешімдері мен іс-қимылдарына сот арқылы қорғауға кепілдік беретін орган. Осыған орай, сот алдында сот төрелігін сапалы жүзеге асыру, әділ шешім шығару аталған құрылымдық жүйенің қоғам талабына сай үнемі жетіліп, оның ілгерілеуіне заманауи тетіктер мен кешенді сот реформаларын жүргізу қажеттілігін туындатты. Сот жүйесінің алдында маңызды мемлекеттік-құқықтық мәселелерді шешудегі ұстанымдарын анықтау мақсатында республикалық деңгейде қоғамдық бірлестік құру мәселесі орын алды. Сондықтан 1996 жылы «Қазақстан Республикасы Судьяларының одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі құрылды. Бұл бірлестік судьялар қауымдастығының мүдделерін қорғауды және оларды іске асыру үшін ауқымды шараларды жүзеге асыруды қолға алып, сот реформасының көкжиегін кеңейту мақсатында “Судьялар одағы Жарғысы”, “Судьялар қауымдастығының филиалдары туралы” Ереженің және “Судья әдебі” кодексінің жобалары әзірленді. Аталған бағыттарда қарқынды жұмыс жүргізу үшін Судьялар одағының бастамасымен сан-салалы құқықтық тақырыптарға арналған кездесулер, басқосулар өткізіліп, 1996 жылдың 19 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының Судьялар одағы»

республикалық қоғамдық бірлестігінің Жарғысы қабылданды.

Содан соң үш жыл өткеннен кейін Алматы қаласында Қазақстан Республикасы судьяларының II съезі өтті. Съезге қатысушы делегаттар 1997 жылғы 23 желтоқсанда қабылданған Орталық Азия елдері судьяларының халықаралық қауымдастығын құру туралы декларациямен танысып, осы қоғамдық бірлестікке кіру туралы шешімге қол қойды. 1999 жылы өткізілген съезд сот-құқықтық реформаның екінші кезеңінің бағытын айқындап, Жоғарғы Сот сатысына заң шығарушылық бастамасы және заңдарға тәуелді актілерді түсіндіру құқығын қайтару, аумақтық соттардың құзиреті институтын енгізу және судьяларды белгілі мерзімге тағайындау мәселелерін көтерді. 2001 жылы судьялардың III съезі өтіп, сот алдына жүктелген міндеттерді жүзеге асыру Мемлекет басшысының “2002-2009 жылдарға арналған құқықтық саясат” тұжырымдамасында көрініс тапты. 2005 жылы Астана қаласында Президентіміздің қатысуымен судьялардың IV съезі өтті. Осы форумда Н.Ә.Назарбаев сот саласының қол жеткізген жетістіктеріне баға беріп, сот саласының жұмысын оңтайландыру мақсатында нақты тапсырмалар жүктеді, заңнамаға өзгерістер енгізілді, судьялыққа кандидаттарды тек конкурс арқылы іріктеу, оларды тағылымдамадан өткізу қажеттілігін айқындады.

2009 жылдың қараша айында өткен судьялардың V съезінде Мемлекет басшысы Қазақстанда сот билігі үшін көп іс атқарылғандығы жайлы атап айтты. Судьялар съезі сот дауларын шешудің баламалы тәсілдерін енгізу туралы мәселені алға тартқан. Осыған орай, медиация туралы заңнаманы қолданысқа енгізу басты мәселелердің біріне айналып, елімізде «Медиация туралы» заң қабылданды.

Бүгінгі күнде де Елбасы сот жүйесінің еркін жұмыс істеп, әділ үкім, тура шешім шығаруына жағдайлар жасап отыр. Сот жүйесі бүгінде материалдық-техникалық жақтан толық қамтамасыз етіліп, рухани жақтан жан-жақты қолдау тапқан мықты құрылымға айналды. Ең бастысы, Елбасымыз судьялардың тәуелсіздігін бекітіп, сот жүйесінің ескі қағидалармен

өмір сүрмей, жаңаша тыныстануына мүмкіндік беруде.

2009 жылдың қарашасында Судьялардың V съезінде қабылданған Судьялар әдебінің кодексіне судьялардың адамгершілік және моральдық-әлептік бейнесіне жоғары талаптар қойылған. Судьялардың өз ісіне адал қарауы, халық алдында ант қабылдауы және өз мәртебесін қадірлеуі сынды міндеттер осы Кодекстің талаптарынан туындап отыр.

Қазақстан Судьялар одағының тарихында айрықша кезеңі 2011 жыл болды. Өйткені 2011 жылдың қыркүйек айында Стамбул қаласында өткен кезекті 54-інші отырыста Қазақстанның Судьялар одағы Судьялардың халықаралық қауымдастығына мүшелікке қабылданды. Еліміздің сот жүйесінің аталған қауымдастыққа толық мүшелікке өту үрдісінің сәтті аяқталуы Қазақстан сот төрелігінің әлемдік құқықтық жүйеге кіруіне оң ықпал жасады. Бұл – еліміздің тәуелсіздігі жылдарында көптеген мемлекеттер жете алмаған биік белестерді еңсерген Қазақстанның әлемнің алдыңғы қатарлы 30 елінің қатарына қосылуы үшін жасалған жеңісі. Сонымен қатар, Елбасының 2015 жылы жариялаған «Бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты кадам» Ұлт жоспары сот жүйесінің алдында заң үстемдігін қамтамасыз ету бойынша нақты міндеттер қойған еді. Қазіргі таңда сот жүйесінің алдына қойылған бұл міндеттер заңнамалық тұрғыда толығымен орындалып отыр. Осыған орай, бірнеше жаңа кодекстер қабылданып, кейбір заңнамаларға тиісті өзгерістер енгізілді. Осы заңнамалар халықтың сот жүйесіне деген сенімін одан әрі арттыруға бағытталған.

Ал, биылғы өтетін Қазақстан судьяларының VII съезінде қозғалатын мәселелердің бірі – “Судьялардың жаңа әдебі кодексін” бекіту. Себебі, судьяларға қойылатын талаптар, оларға жүктелетін жауапкершілік те жылдан-жылға артауда. Демек, аталған Кодекс жанартуларды талап етеді. Қазіргі таңда судьялардың әдебі кодексінің жобасы республикамыздың барлық соттарында талқылануда.

Қорыта айтқанда, биылғы судьялардың басқосуында сот жүйесіндегі кейбір мәселелердің түйіні тарқатылып, сот жүйесінің кәсіби біліктілігі жоғары мамандары мен сот мыйтанамандары озық идеяларымен бөлісіп, алдағы уақытта жүргізілетін жұмыстардың шеңбері нақтыланбақ.

“НҰРОТАНДЫҚТАР” БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТУДА



Мектепке баруға мүмкіндігі жоқ, аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасы балаларына, жетім балаларға қамқорлық көрсетіп, оларды мектепке дайындауына және толықтай білім алуларына жағдай жасау мақсатында елімізде «Мектепке жол» акциясы жыл сайын өтіп келеді.



Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай “Бақытты балалық шақ мекені” ұранымен өтіп жатқан “Мектепке жол” акциясына қатысқан “Нұр Отан” партиясының мүшелері бұл жолы да белсенділік танытып, қолдауға зәру балаларға қамқоршы болып, аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсынды.

Өткен аптада Үлгілі бастауыш партия ұйымының төрайымы Д.Мельдебекованың бастамасымен әлеуметтік педагог С.Ибадуллаеваның ұйымдастыруымен жаны жомарт азаматтар аз қамтылған және әлеуметтік осал топтың балаларын мектепке дайындауға көмектесті. Атап айтқанда, Үлгілі бастауыш партия ұйымының бюро мүшелері: ауылдық округ әкімі Д.Мадешов мүмкіндігі шектеулі екі балаға спорттық киімді табыстаса, осы округтегі “Балбөбек” балалар бақшасының меңгерушісі Г.Шөкешова да екі баланы киіндірді. Үлгілі орта мектебінің директоры Ф.Шаухаров болса көп балалы отбасынан бір оқушыға мектеп формасын алып беріп, қуантты.

Акцияда ата-аналар ұл-қыздардың жарқын тағдыры үшін атсалысқан баршаға риясыз көңілден алғысын арнады.

Өз тілшіміз.

ҚҰРМЕТ. АБЫРОЙ. ДАҢҚ

ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫ –
ӨЗ ІСІНЕ АДАЛДЫҚ

Өз ісіне адал болу, тапсырылған жұмысты жауапкершілікпен атқару- ең алдымен адамның жауапты міндеті болса, екіншіден жоғарғы ерекшелігі, қарызы, қоғам алдындағы парызы. Елінің патриоты болып, халқының адал перзенті екенін бойына сіңіріп, қоғамға пайдалы, тиімді еңбегімен адал төртөгіп жүрген азаматтар арамызда баршылық! Олар атқарған істерін, кейбір жандар секілді алға тартып, түймедейді түйедей етіп көрсетпей-ақ, неғұрлым қарапайымдылықты сақтайды. Сондай азаматтың қатарында Әділхан Садуақасовтың есімін айтуға тұрарлық.

Әділхан Садуақасов 1941 жылы 24 тамызда Жамбыл ауданына қарасты Айша бибі (бұрынғы Головачевка) селосы маңындағы Жаңа тілек ауылында шаруа жанұясында туылған. Әкесі Садуақас қайтыс болып, екі баламен анасы Нурила жесір қалады. Сағына күткен тыныштық орнады, бірақ халықтың тұрмысы қалжыраған шақ еді. Екі баланы сүйретіп бағып-қағу ананың мойнына түсті. Таңның атысы, күннің батысы қызылша алқабында еңбек етіп, бар тапқанын екі баласының аузына салды. Тұрмыс тауқыметі Әділханның ағасы Нұрмаханның оқуды тастап, жастайынан жұмыс істеуіне мәжбүр етті. Анасымен бірге ағасы да жұмыс істеп, Әділханның оқуына жағдай жасады. 5-7 сыныптарда Головачевка мектебі жанындағы интернатта, 1956-1959 жылдары Аса селосы маңындағы Ленин атындағы орта мектеп интернаттында жатып оқыды. Орта мектепті үздік бағамен тәмамдады. Жоғарғы оқу орнына түсу үшін, ол кезде кемінде 2 жылдық өндірістік еңбек өтілі болуы талап етілетін. Әділхан көп ойланбастан, өзінің туған ауылы Айша бибідегі Ақкөл колхозына жұмысқа кіріп, алғашында тракторға тіркеуші, одан кейін 1962 жылға дейін шаруашылыққа қатардағы есепші міндетін атқарды. Арман жетелеген жас Алматыға келіп, Киров атындағы мемлекеттік университетінің “Экономика” факультетіне оқуға түседі. Айша Нурила, баласының оқуға түскен қуанышында толқып, көзіне жас келгенін жасыра алмай: “Ал, енді балам жақсы оқы, адам бол, халқыңның алдында адал бол, біреудің ала жібін аттама, таза еңбек ет”-деп батасын береді. Анасының ақ батасы перзентінің өмірдегі ұстанымына, максатына айналады.

Жоғарғы оқу орнында оқып жүргенде студенттік құрылыс отрядына белсене қатысқаны үшін ВЛКСМ Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталады. 1964-1967 жылдары әскери борышын өтеп жүрген кезде,

партия қатарына қабылданады. Әскерден оралған соң, оқуын қайта жалғастырып аяқтаған жас маман ауыл шаруашылық Министрлігінің жолдамасымен сол кездегі Абай атындағы колхозға бас есепшінің көмекшісі болып жұмысқа орналасады. Қысқа мерзім ішінде өзін кәсіби деңгейде сауатын көрсете білген жас маманды, аудандық партия комитеті “Үшбұлақ” жеміс-жүзім совхозына бас есепші етіп жібереді.

1970-1975 жылдары аралығында совхозда есеп-қисап жұмыстарын жүргізудің сол кездегі прогрессивті формалары шаруашылық есеп, журналдық-ордерлік системаны енгізеді. Шаруашылық есеп тәсілін жүргізіп, жұмсалған шығындардың таза пайдамен қайтарылымын қамтамасыз ету жүзеге асырылады. Жыл сайын шаруашылық жұмыс нәтижесін 300-500 мың сандық таза пайдамен аяқтауға қол жеткізеді. Бұл әрине ұжым жұмысының нәтижесі және есеп жұмысының сауатты жүргізілуінің арқасында мүмкіндік болған жетістік. Өзін жақсы жағынан көрсете білген, келешегінен үміт күттірген жас маманды аудандық партия комитеті Киров атындағы колхозға партия комитетінің хатшысы етіп тағайындайды. Ол кезде кадрларды іріктеу, тәрбиелеу, жұмысқа тағайындау жайларын партия комитеті шешетін. Бұл жұмыста 1975-1988 жылдары, 13 жыл еңбек етеді. Шаруашылық ауданда егіншілік пен мал шаруашылығы дамыған іргелі ұжым болатын.

-Киров атындағы колхоз 1984 жылы Үкімет қаулысымен Қызылша совхозы болып, облыс қызылшашыларын қызылша тұқымымен қамтамасыз ететін шаруашылыққа айналды. Осы жылдар ішінде шаруашылықтың экономикасы жақсы дамып, аудан экономикасына қомақты үлесін қосты. Астық, қызылша тұқымын өсіру өнімдерін өндіруде ауданда жетекші орын алды. 1978 және 1984 жылдары шаруашылыққа КПСС Орталық Комитеті саяси бюросының мүшесі, Қазақстан КП Орталық комитетінің бірінші хатшысы Д.А.Қонаев екі рет келіп, ризашылық білдіріп, ақ батасын берген еді,-деп, есіне алады сол кездерді Әділхан Садуақасов.

1988 жылы аудандық партия комитеті кадрларды іріктеу тәсілімен Әділхан Садуақасовты “Үшбұлақ” жеміс-жүзім совхозына партком хатшысы етіп жібереді. Бұл жұмысты 1991 жылға дейін атқарған Әділхан кейіннен Киров атындағы қызылша совхозы жекешелендіріліп,

“МедеуАгро” өндірістік бірлестігі болып ұйымдасып жатқанда, аудан басшыларының ұйғарымымен бас есепші болып, тоқырау жылдары өз міндетін талап деңгейінде 1998 жылға дейін жүргізеді. 1998 жылы ауданға әкім болып тағайындалған Қожахан Жабағиев (қазіргі ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты) Әділхан ағаға ауданда эксперимент ретінде ашылған орталықтандырылған бухгалтерия мекемесіне басшылық жасауды тапсырады. Мекеме

тәжірибелі кәсіби мамандығы бар есеп қызметкерлерін жасақтап, есеп-қисап жүйесін тәртіпке келтіріп, қаржының үнемделуіне, білікті кадрлардың өсіп шығуына үлкен еңбек сіңірген Әділхан аға осы қызметті сегіз жыл мінсіз атқарады.

Саналы ғұмыры еңбекпен өрілген Ә.Садуақасов құрметті демалысқа шықса да, үйде қол қусырып, қарап отырмай Үлгілі ауылдық округі ардагерлер алқасының төрағасы міндетін атқарып, қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысып келеді.

1975-1991 жылдары Киров және Михайловка селолық Кеңестеріне бірнеше рет депутат болып сайланып, Дихан, Үлгілі, Михайловка және Базарбай ауылдарының әлеуметтік тұрмыстық мәселелерін шешу, ауыл-аймақтың көркеюіне атсалысады. Бірнеше рет аудандық, облыстық партия конференцияларына делегат болды. 1980-1991 жылдары сол кездегі Свердлов аудандық партия ұйымының тексеру комиссиясының төрағасы болып бірнеше рет сайланады.

Төраға ретінде көптеген игі істердің басында жүретін Ә.Садуақасов келешек ұрпақ, аға ұрпақтың өмірін білсін, солардан тәрбие-үлгі алсын деп Үлгілі ауылының Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлердің ерліктері туралы жеке кітап шығарудың бастамашысы болды. Бүгінде облыстық ардагерлер кеңесінің мүшесі, аудандық ардагерлер кеңесінің алқа мүшесі Әділхан Садуақасов жұбайы Күләлі апай екеуі төрт ұлқыз тәрбиелеп өсірді. Ұлды-ұяға, қызды-қияға қондырып, олардан он немере сүйіп, тамырын тереңге жайған мәуелі баққа айналып отырған кадрменді қария, қандай құрметке болса да лайық!

Бұл күндері 75 жастың биігіне шығып отырған ардақты ақсақалды аудандық “Ауыл жаңалығы” газетінің ұжымы мерейлі жасымен құттықтап, зор денсаулық, ұзақ өмір тілеп, әлі де қоғамға өмірлік тәжірибеңіз және өнегелі өміріңізбен үлгі көрсете беріңіз деп тілек айтады.

Г.Әбдіқұлова,
“Ауыл жаңалығы”.

ЕҢБЕГІ БАРДЫҢ-ӨНБЕГІ БАР

М.МАНЕКЕЕВ,
«Ауыл жаңалығы».

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ “ЖАЛШЫҒА ОРТАҚ ЕҢБЕК ҚОҒАМЫН КҮРҮ” жөніндегі идеяны ұсынып, осы идеядан шығып отырған Еңбек күні мерекесі осыдан үш жыл бұрын Елбасы Жарлығымен ресми түрде бекітілгені белгілі. Бұл мейрам еңбек адамының қоғамдағы мәртебесін арттыруға, өндірістік қызметтерді ынталандыруға, жұмысшы мамандықтарды насихаттау мен қолжылдық еңбек дәстүрлерін нығайтуға бағытталған. Еңбек адам өмірінің мәні болып қала бермек. Жер бетінде жақсылық атты ұғым барда шынайы бақыт, еңбек бақыты да қоғамның бір құндылығы ретінде сақталатыны анық.



Дәстүрлі түрде мерекеленіп келе жатқан Еңбек күні еліміз аумағында кеңінен аталып өтуде. Нәтижесінде еңбек майданында шыңдалған, 40 жылдан астам еңбек өтілі бар және бір салада 10 жыл еңбек еткен жандар мен еңбек қызметінде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген мамандар ведомстволық марапаттарға ие болуда.

Өткен жұма күні аудан әкімдігі «Ветеринариялық қызмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында салтанатты жиын болып өтті. Аталмыш жиынға аудан аумағындағы еліне еңбегі сіңген азаматтар жиналды. Олардың көбі жұмысшы киімімен емес, мерекелік, сәнді киіммен келді. Өйткені, бұл – еңбеккерлердің мерекесі. Жақсылық жасаудан ләззат алатын, еңбек арқылы ғана шынайы бақытқа жетуге болатынын сезініп, түсініп жүргендердің мерекесі бұл.

Кәсіпорын басшысы Мұратбек Төлтаевтың төрағалығымен өткен салтанатты шараға “Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы” қоғамдық бірлестігінің Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Жаналы Көбейұлы арнайы келді. Жаналы Көбейұлы еңбеккерлерді мерекесімен құттықтап, кәсіподақтармен бірлесіп отырып, еңбекті

дұрыс бағалау, жұмысшылардың құқығын қорғау, оларға тиісті, тиімді жағдай қалыптастыру, азаматтарды еңбек етуге ынталандыру бағыттарында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Сондай-ақ ветеринария саласындағы көп жылғы жемісті еңбегі үшін Суханбаев ауылдық округі ветеринариялық бекетінің меңгерушісі Ныгман Абишевке III дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгісін салтанатты түрде табыс етті. Сонымен қатар, мал, ветеринария шаруашылығы саласындағы ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін Қызылша ауылдық округі ветеринариялық бекетінің меңгерушісі Нұржан Хаирбеков, Дихан ауылдық округі ветеринариялық бекетінің меңгерушісі Қанат Әбдімомунов, Сарыкемер ауылдық округі ветеринариялық бекетінің меңгерушісі Жомарт Шәлібековтерді “Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы” қоғамдық бірлестігінің Жамбыл облыстық филиалы марапаттады.

Бүгінгі және ертеңгі жетістіктер әр адамның жұмыс орнындағы жемісті еңбегіне байланысты екені анық. Сондықтан еңбек адамын құрметтеу – жалпыға ортақ міндет болып қала бермек.

ЖАНЫ ЖОМАРТ,
ЖАҚСЫ АДАМ

Е.СЕРІКБАЙҰЛЫ,
Байзақ ауданының Құрметті азаматы.

Өмірде адал еңбегімен ел құрметіне бөленіп, ар мен намысты биік қоятын асыл тұлғалы азаматтар аз емес. Олардың өнегеге толы өмір жолы мен төңірегіне жасаған жақсылықтары, туған өлкесіне сіңірген еңбектері еш уақытта ұмытылмайды.

Молдебек Сапарбеков 1926 жылы Кеңес-1 ұжымшарының топырағында дүниеге келіп, кіндігі кесілді. 1929 жылы төрт жылдық болып ашылған бастауыш мектепте білім алды. Мектеп 1935 жылы жеті жылдыққа айналған. Осы оқу орнын бітіріп шыққан бозбаланың арманын Ұлы Отан соғысы бұзған еді. Екінші дүниежүзілік соғыс басталған тұста, яғни 1941 жылы 18 жасқа енді толған Молдебек 1944 жылдың 15-ші қарашасында әскер қатарына алынады. Қылшылдаған өрімдей жас жігіт тікелей Кеңес Одағының Маршалы Г.Жуков басқаратын майданның құрамына түсіп, жау ордасы- Берлинді алуға қатысады. Атқым болып, сұрапыл соғыстарға қатысқан Молдебек Жеңісті Берлин қаласында қарсы алады. Екі жылдай Кеңес өкіметі Комендатурасында қызмет етеді. Ерліктері үшін I және II дәрежелі “Отан соғысы” орденімен марапатталған ол туған жерге оралысымен туралап қалған ұжымшардың жұмысына белсене араласады. Сушы да, арбақеш те, құрылысшы да болды. Өмірінің көпшілігін қызылша бригадасының есепшісі, бригадирі болып өткізді. Ұжымшар басқармасы мен партия комитеті қандай жұмыс тапсырса да оны тындырып отырып отырған. №1 бригаданың бригадирі болып істеп жүргенде 1947 жылы Сейдекүл Байдешеваның звеносы қызылшаның әр гектарынан 500 центнерден өнім жинайды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1948 жылғы 20 наурыздағы Жарлығымен Сейдекүл

Байдешевқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілген. Молдебек Сапарбеков ұжымшардың төрағалары болған Таңатаров, Мәдірайымов, Рысбек Бегалиев, Өмірбек Бүтінбаевтармен қоян-қолтық араласып, ұжымшардың



экономикасын арттыру үшін аянбай еңбек еткен. Ұжымшар басқармасының, партия комитетінің мүшесі, Кеңес ауылдық Кеңесінің депутаты болып сайланған Молдебек Сапарбеков көп жылғы еңбегі ескеріліп “Ұлы Отан соғысының 40 жылдығы” “Ерен еңбегі үшін” мерекелік медальдарымен марапатталған. Аудандық партия комитетінен, аудандық ауыл шаруашылық басқармасынан, ұжымшар басқармасынан алған Мақтау қағаздары өз алдына бір төбе.

Ағамыз Молдебек 1944 жылы “Үлгілі” ауылындағы соғыс ардагері Ботабаев Күрішбек Тынышбекұлының қызы Асемкүлмен шаңырақ көтерген. 53 жыл тату-тәтті ғұмыр кешкен ерлі-зайыптылар 11 перзентіне өнегелі тәрбие бере білген. Үш ұлы Алматыдағы медициналық институтты бітірген. Мамандықтары тіс дәрігері. Ұлы Рыскелді Молдебекұлы- аудандық орталық аурухананың бас дәрігері, аудандық мәслихаттың депутаты. Бір келіні Айгүл Сабыржанқызы Есжанова Байзақ ауылындағы С.Абланов атындағы орта мектептің директоры.

Молдебек аға 2000 жылы 75 жасында қайтыс болған. Тірі болғанда биыл 90 жасқа толатын еді. Отанасы Асемкүл 1997 жылы 70 жасында өмірден өткен. Жаны жайсаң, көргені мол, жүрегі жомарт Молдебек қарияның кіндігіннен тараған ұрпақтары бір қауым елге айналған. Бүгінде 42 немере мен 33 шөбере алып әулеттің мақтанышы саналады. А



Р.ДЖАКИПБАЕВА,
«Ауыл жаңалығы».

На прошедшем недавно в городе Тараз масштабном проекте «УМАІ», инициированном Советом деловых женщин Палаты предпринимателей Жамбылской области, призовое третье место заняла предприниматель из нашего района Улжан Калдарбекова. Она стала победителем из 70 отобранных по всей области участников проекта, которые представляли на тестовую площадку свои товары и услуги.

Рыночная экономика диктует свои законы. Сегодня многие понимают, что этап «челночного» бизнеса, «сливки» которого уже сняты, далеко позади, настал период, когда необходимо заниматься конкретным делом – производством. И в этом плане казахстанские

НА БИЗНЕС ОЛИМПЕ-
ЖЕНЩИНЫ

женщины всё активнее идут в бизнес. Одна из них - У.Калдарбекова. По образованию она учитель, выросла в многодетной семье. Её родители жили на отгонном животноводстве «Ескара» - мать работала фельдшером, отец - водителем. Они обслуживали отгонное животноводство «Еден», «Ескара». Как и все сельские жители, родители держали скот: баранов, бычков, кур, кроликов. Дети были приобщены к труду с детства.

В конце 80-90 годов, когда начался кризис, распались совхозы и колхозы, да и сама держава, их семья переехала в село Сарыкемер. Построили дом, и продолжали по-прежнему держать скот. А дети: пять дочек и сын - во всём помогали родителям. Дети учились, выросли, получали высшее образование - педагогическое, медицинское. Самой предпринимчивой из всех оказалась Улжан. Несколько лет назад она открыла небольшой магазин, зарегистрировала ИП «Багдаулет» и решила заняться разведением кроликов.

Первый вопрос: почему кролики? – такое непривычное для местного населения занятие. «Во-первых, это, как говорится, «ценный мех и 2-3 килограмма диетического мяса», во-вторых, большая плодовитость – в течение 3-х месяцев кролики приносят приплод, в-третьих, и что немаловажно,

кролики мало болеют и неприхотливы, они травоядные, питаются отходами овощей, которых в домашнем хозяйстве достаточно, - говорит У.Калдарбекова. - Мы с детства знали, что такое труд – держали баранов, кур, кроликов, уток. Родители целыми днями находились на работе, смотреть за хозяйством приходилось нам. А самое главное – крольчатина пользуется спросом. Это диетический и экологически чистый продукт. После участия в проекте «УМАІ», мы стали узнаваемы в области, ведь победа в проекте гарантировала бесплатное размещение рекламы и продукции в магазинах отечественных производителей. После проекта у меня быстро раскупили кроликов, численность которых доходила до двухсот. Сейчас я вновь увеличиваю поголовье».

В настоящее время у У.Калдарбековой большие планы. Она приобрела в собственность 20 соток земли, где планирует построить откормочную площадку, и очень рассчитывает на помощь со стороны Палаты предпринимателей района, которые пообещали ей посодествовать в получении кредита.

Одним словом, начало есть, а остальное зависит от Улжан, которой большую поддержку оказывают муж, родители и родные.

1 сентября – 1 ноября – двухмесячник по благоустройству, озеленению и санитарной очистке территории

СТАРТОВАЛ ДВУХМЕСЯЧНИК



Ежегодно проведение мероприятий по санитарной очистке, благоустройству и озеленению территории обуславливается необходимостью привлечения широкого круга людей, работников бюджетных организаций, предприятий, учреждений к активному участию в проведении работ по благоустройству, содержанию в чистоте территории наших сёл после летнего и зимнего периодов, и соответственно улучшения экологической обстановки.

Каждый год с 1 сентября по 1 ноября, по распоряжению акима района, проводится осенний двухмесячник по благоустройству, озеленению и санитарной очистке территории.

С этой целью был создан штаб

арыков и каналов, 150 километров улиц, 1500 квадратных метров парков и скверов, вывезти 300 тонн мусора и ликвидировать стихийные свалки. Всего в двухмесячнике должны принять участие 8500 человек, будет задействована необходимая техника и автотранспорт.

3 сентября, в первый день двухмесячника, в субботнике уже приняло участие 1935 человек и 76 социальных работников.

Все сотрудники организаций и учреждений в этот день в первую очередь провели уборку и очистку своих территорий, произвели уход за зелёными насаждениями, работы по содержанию газонов и цветников.

За этот день было очищено 18 километров арыков и каналов, 44



численностью 11 человек, который намечен на период проведения осеннего двухмесячника. Планируется провести большую работу по ремонту и устройству дорог, озеленению, благоустройству парков и скверов, установке освещения, по надлежащему содержанию улиц и тротуаров.

В частности, согласно намеченному, за два месяца запланировано высадить 4450 саженцев, очистить и благоустроить 130 километров

километра улиц, приведено в порядок и благоустроено 1860 квадратных метров парков и скверов, вывезено 32 тонны мусора на специальный полигон твёрдых и бытовых отходов в районе.

Дополнительно всем организациям, учреждениям были выделены участки вдоль трассы Сарыкемер-Тараз, где необходимо провести уборку сухостойных деревьев, обрезку деревьев и очистку от мусора.

Наш корр.

Костобе ауылдық округі әкіміне кандидат Д.Қ.Наурызбаевтың таңдаушылармен кездесу орны және өткізу күнімен уақытына өзгерістер енгізу кестесі

№	Кандидаттың аты-жөні	Кандидаттың таңдаушылармен кездесу орны	Кездесу өткізу күні және уақыты
1	Наурызбаев Досмұханбет Қалмұханбетұлы	Қостөбе ауылы, Әулие ата көшесі № 56 үй, ауылдық клуб	08.09.2016 ж. сағат 16.00-де

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы А.Тулепбергенов.

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ АЙЛЫҒЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

И. РЫСАЛДИЕВ,
Байзақ ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Үстіміздегі жылдың 5 қыркүйегі мен 5 қазан аралығында «Тұрғын үй секторлары мен жем-шөп сақтау орындарда өрт қауіпсіздігі» айлығы басталды. Айлық аясында аудан аумағында ТЖ бөлімінің қызметкерлері, №8 ӨС бөлімі, электр жүйесі, газ шаруашылығы бөлімшесі, ішкі істер бөлімінің қызметкерлерінің қатысуымен тұрғын үй секторларында, саяжай иіндері, адамдар жаппай жиналатын нысандар мен автокөліктерде өрт қауіпсіздігі шараларын сақтау жөнінде тұрғындар арасында жаднамалар тарату бойынша үгіт-насихат жұмыстары жүргізілуде.

Айлық шеңберінде үй ауласында коқыс жакқан тұрғындарға қатаң шара қолданылатын ескертіміз.

ДИРЕКТОР Б.ЖАҚСЫМБЕТОВ
Редактордың уақытша міндетін атқарушы
Г. ЕРМУРАТОВА

Кезекші Р.Жақыпбаева

Меншік иесі -
«Байзақ аудандық «Ауыл жаңалығы» -
«Сельская новь» газетінің редакциясы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы байланыс және ақпарат агенттігі (11.06.2014 ж.) тіркеліп, № 14388-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 "б" үй. Қалыбы ЖШС «Қанатты қалам өлемі» баспаханасында жасалып, көбейтілді. Таралымы 3460 дана. Тапсырыс №81

Газет аптасына екі рет, сәрсенбі, сенбі күндері шығады. Редакция авторлардың көзқарасы мен оқырман хаттарына жауап бермейді. Жарнама мен хабарландырудың мәтініне жарнама беруші жауапты.

© - материалдың жариялану ақысы төленген.

Еске алу

Сағынышқа айналған Сатылған

Досжан ӘМІРОВ,
Шығыс Қазақстан облыстық сотының төрағасы, Байзақ ауданының Құрметті азаматы.

Дүниеден Сатылған қайтты дегенді естіген сәтте жүрегімнің тұсы шым етіп шаншып өтті. Осынау жан қарыған суық хабарды көңілім алғашында қабылдағысы келмей, аз уақытқа антарыла қалғанымда санамның түкпірінде «оның ажал құшуына ерте емес пе, бұл қалай болғаны?» деген ой қайталанып тұрып алды. Көкірегімде кимас сезімнің қылын шерткендей ащы мұң мен өкініштің уыты молая түсіп, «Қайран Сатан, (біз оны осылай атаушы едік) сахи ердің бірі едің, сенен де айрылдық-ау» - деп күрсіне күбірлей бердім.

Менің ішкі әлемімнің мұншалықты азаптануына Сатылған екеуміздің арамиздағы бала кезден қалыптасқан тәтті сыйластығымыз себепкер екені сөзсіз.

Екеуміз бір аймақта, бір жыл, бір айда (Чапаев совхозы, 1962 жыл, сәуір) туып, құлын-тайдай тебісіп өскен жандармыз.

Сатылғанның әкесі Әбилім Бәрібайұлы Ұлы Отан соғысының ардагері, зейнетке шыққанға дейін Чапаев ұжымшарында түрлі жауапты жұмыстар атқарған ел-жұртқа өте сыйлы кісі еді. Төрт қыз бен бір ұлды дүниеге әкеліп, әдемі тәрбиемен өсірген анасы Ұлжанның да кісілігі жоғары, мейірімі көлдей асқарқын адам-тұғын.

Міне, осындай ауыл-аймаққа қадірі артқан ата-ананың махаббатынан жаралған Сатылған досымның да өн бойында адамшылық сезімі мол еді. Өзімен бір туған әпке – қарындасын мейлінше сүйіп сыйлайтын, сол қыздардың төркін жұрты өзі екендігін сезіндіріп, қолынан келгенінше қамқорлық көрсетіп жүретін. Ол-ол ма, ағайынға алапай қарамай, адалдықпен



ардақтап қарайтыны, ал, жалпы ісі қазаққа жактасып, жақсылық тілеп тұратын жүрегі қандай кең еді?!

Мен Қарағандыдағы заң саласының жоғары оқу ордасында оқып жүргенімде, Сатылған Жамбыл гидромелиорация институтында оқитын. Ретіне қарай білімгерлерге берілетін демалыс уақыттарында елге бағыт ұстанам, мұнда Сатан досым өзінің жора-жолдастарымен барынша салтанатты күтіп алатын. Жастықтың жалынды күндерін талай бірге өткердік. 80-ші жылдардың кезінде өзге жұрттың балалары біздің қарақөз ұлдарға кемсітушілікпен қарап, себепті-себепсіз тиісе кеткенді өздерінше жөн санайтын. Сондай бір ерегес туған жерлерде біздің Сатан досымыз ұлттың намысы үшін білек сыбана майдан салып жүруші еді. Білекті де, жүректі Сатекен сол кездің өзінде егемендікті аңсаған азамат екендігін өзінің өр мінезімен танытып қойған еді-ау.

Ақылға теріс іске аттап басуға жок, саналылар сапында ғұмыр кешкен Сатылғанның жолдас-жора арасындағы беделі де зор, үлгі тұтарға ұстанымы да айтарлықтай мәнге ие болатын.

Жігітке жеті өнер де аз дейтін қазақтың сөзі Сатылған сынды азаматқа қарата айтылған шығар. Әңгіме айтудағы ашықтығы, қисынын келтіре әзіл-қалжыңды төгіп салуы, ат құлағында ойнап көкпарға араласуы, ит жүгіртіп, аңшылық саят құруы, бәрі-бәрі Сатылған бойындағы боямасыз қасиеттер.

«Өмір бойына сыртта қызмет етумен боламысың, ел жаққа келмейсің бе? – дейтін әр кездескен сайын маған Сатан дос. Елге келген кей сәттерімде мені аңшылық жасауға ерте шыққанында байқағаным, қашқан қоянды, ұшқан құсты құтқармайтын мергендігіне тәнті болғаным бар.

Марқұм Сатылған доспен соңғы рет өткен 1-ші мамыр мейрамы күні ауылда ұшырастым.

- Енді қашан келесің, аңшылыққа шығатындай болып кел, бір қызықты сөйіл жасайық – деп еді. Арада үш ай өткенде оқыстан дәм-тұзы таусылған достың үйіне барып бата жасап, жұбайы Зәурешке, ұлдары Нұрғали, Ерғали, Айдынга, қызы Айгерімге, туған туыстарына көңіл айтып шықтым.

Бәрібаев Сатылған Әбилімұлы жоғары білімді құрылыс маманы ретінде ұжым шаруасына өз үлесін молынан қосқан азамат. 1988 жылдан 1999 жылға дейінгі аралықта ұжымның құрылыс прорабы болып қызмет етіп, одан кейін кіші ұлының атымен аталатын «Айдын» жеке шаруашылығын ашып, мал өсірумен айналысты.

Дос қазасының қыркүйектің алдағы 9-ы күні аталып өтетін 40 күндігі қарсаңында газет арқылы ниет жақындығын білдіріп қойғанды мақұл көрдім. Марқұм Сатылған досымыздың жатқан жерін жайлы, топырағын торқа етсін Алла.

©

АҢШЫЛЫҚ МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ

А. ТӨЛТАЕВ,
аудандық ішкі істер бөлімінің жергілікті полиция қызметінің табиғатты қорғау полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры.

Табиғаттың аясында құс аулап, аңшылық құрғанға не жетсін. Дегенмен Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жабайы аң құстарды заңсыз аулау браконьерлігімен күрес жүргізу, сексеуіл екпелерін заңсыз кесуе тыйым салынғанын ескермей, белден басатындар да кездесіп қалады.

Жамбыл облыстық ПД-нің ЖПҚ 2016 жылдың 3 тоқсанына арналған жоспарына сәйкес Байзақ ауданы аумағында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу, сонымен қатар Жамбыл облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының 2016 жылдың 24 тамыздағы № 58 -П бұйрығына сәйкес үстіміздегі жылдың 3 қыркүйегінен бастап Байзақ ауданы аумағында аңшылық маусымы ашылды. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жабайы аң құстарды заңсыз аулау браконьерлігі мен күрес жүргізу, сексеуіл екпелерін заңсыз кесу деректерінің алдын алу жұмыстары жүргізілуде.

Аңшылар қауымы! Аталмыш маусым кезінде заңда көрсетілген қағидаларды қатаң сақтаныздар.

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

Т-305-09-88. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Лесная көшесі №2 "б" үйдің тұрғыны болған **Тұрлығұлов Берік Джармаханбетовичтің** 2015 жылдың 27 мамыры күні қайтыс болуына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Медеулов көшесі б/н үйде орналасқан нотариалдық кеңсе қызметкері С.Коскееваға жолығулары керек.

Т-306-09-88. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сәкибай ауылы, Ниязов көшесі №29 үйдің тұрғыны болған **Джунусов Серикбай Джакуловичтің** 2016 жылдың 30 шілде күні қайтыс болуына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Медеулов көшесі №33 "а" үйде орналасқан нотариалдық кеңсе қызметкері З.Назарбековаға жолығулары керек.

Т-307-09-88. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Дихан ауылы, 9 мая көшесі №51 "а" үй тұрғыны болған **Мұстафаева Мырзақүл Абдирасиловнаның** 2016 жылдың 23 тамызы күні қайтыс болуына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Смаилов көшесі №1 "а" үйде орналасқан нотариалдық кеңсе қызметкері Г.Мудуароваға жолығулары керек.

Т-308-09-88. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Ақкия ауылы, Суханбаев көшесі №10 үйдің тұрғыны болған **Мазбаева Назым Бошаевнаның** 2007 жылдың 11 қазаны күні қайтыс болуына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Медеулов көшесі №33 "а" үйде орналасқан нотариалдық кеңсе қызметкері З.Назарбековаға жолығулары керек.

Т-309-09-88. Утеранный **гос. акт** на право временного возмездного землепользования (аренды) на земельный участок сроком на 49 лет для ведения личного подсобного хозяйства (№85380, кадастровый номер -06-087-076-299, площадь - 0,3230 га) на имя **М.Есбаевой**, выданный на основании решения комиссии по легализации Байзақского района 24 ноября 2006 года за №1864, расположенный по адресу: Жамбылская область, Байзақский район, с.Улыгули, ул. Жакыпбая, д.30, считать недействительным.

Мекен-жайымыз:
Индекс 080100.
Жамбыл облысы,
Байзақ ауданы,
Сарыкемер ауылы,
М.Х.Дулати көшесі,
10 "а" үй.

Директор-Бас редактор: 2-28-60.
Хаттар бөлімі, тілшілер: 2-12-37.
Есеп бөлімі, жауапты хатшы: 2-15-70.
Газет сайты: www.auil-zhanaligi.kz
Эл.почта: auil@mail.ru

